| АТЫРАУ ОБЛЫСЫ<br>ИНДЕР АУДАНЫ<br>ИНДЕРБОР КЕНТІНІҢ<br>ӘКІМІ | | АКИМ<br>ПОСЕЛКА ИНДЕРБОР<br>ИНДЕРСКОГО РАЙОНА<br>АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|---|
| **ӨКІМ** | | **РАСПОРЯЖЕНИЕ** |

10.02.2026 № 19

Индербор кенті
Индербор

поселок

**Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 5,6-тармағына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес:

1. «Бөгеттердің техникалық паспортын дайындау», «Бағдарламалық өнімге қызмет көрсету (Бюджеттік қаржыландыру. ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есеп. Еңбекақыны есептеу. Бюджеттік өтінім)», «Сервер мен компьютерлерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Локалды желілерді жүргізу және қызмет көрсету», «А4 форматындағы кеңсе қағазын сатып алу» мемлекеттік сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 28 тармақшасы «егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу», шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға, өткізуге және одан туындайтын мәселелерге жауапты болып:

- ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
- шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу

Сканировано с CamScanner

тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы веб-порталда орналастыру Индербор кенті әкімінің орынбасары К.Нуриевке жүктелсін.

3. Осы өкімнің тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және Қазақстан республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 1-тармағына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 507-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу қағидаттарының жауапкершілікпен сақталуын және орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

**Индербор кентінің әкімі** **Ш.Альмурзиев**

Сканировано с CamScanner